

Білім беру ұйымы МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ: Ересек «Күн сәулелері» тобы

Балалардың жасы 4 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Сәуір айы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p>Тене - теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).</p> <p>Секіру. Тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).</p>

		<p>Аяққа арналған жаттығулар: отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p>Қимылды ойындар Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану етістіктерді ,бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу іс әрекеті Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Шығармаларды қабылдау Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>

		Мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау.
	Көркем әдебиет	<p>Оқу әңгімелеу Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>Мәнерлеп оқу Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Мазмұндау Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту Жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
	Математика негіздері	<p>Көп Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Саны, себі 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды жасауға үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шамасы Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы</p>

		<p>бойынша тең).</p> <p>Кеңістікке балу Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p> <p>Уақыт бойынша бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту (жел, су, күн, ауа) Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Балаларды жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Заттар әлемі Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Жол ережелері Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу</p>
	<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалының құрылысы Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату</p> <p>Қағаз құрылысы</p>

	<p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Конструктор бөліктерінен құрастыру Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p>Сюжетті сурет салу Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды.</p> <p>Сәндік сурет Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру.</p> <p>Сәндік мүсіндеу. заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндеуге үйрету.</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p> <p>Сюжеттік жапсыру Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.</p> <p>Сәндік жапсыру Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу.</p> <p>Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған</p>

		<p>жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын,билерді, ойындарды есте сақтау.</p> <p>Билер: Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу.</p> <p>Ойындар,хороводтар:Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге,хор айтуды,музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау.Әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу.</p>
--	--	---